

ҚҰРМЕТТІ 2 КУРС СТУДЕНТІ!

Академиялық күнтізбеге сәйкес, 3-ші семестр 2025 ж. 02 қыркүйектен 19 желтоқсанға дейін болады.

Қысқы емтихан сессиясы 22 желтоқсанныан 26 желтоқсан 2025 жылы аралығында өтеді.

Қысқы демалыс (каникул) 2025 жылдың 29 желтоқсанынан 2026 жылдың 09 қаңтарына дейін.

2 курста емтихандар Емтихан кестесіне сәйкес келесі **МІНДЕТТІ ПӘНДЕР** бойынша өтеді:

- **Есеп және аудит (Каз/орыс бөлімі):** Қазақстан тарихы (билет).
- **Банк және сақтандыру ісі (қазақ/орыс бөлімі):** Қазақстан тарихы (билет).
- **Менеджмент (қазақ/орыс бөлімі):** Қазақстан тарихы (билет).
- **Маркетинг (қазақ/орыс бөлімі):** Қазақстан тарихы (билет).
- **Құқықтану (қазақ/орыс бөлімі):** Қазақстан тарихы (билет).
- **Бағдарламалық қамтамасыз ету (орыс бөлімі):** Қазақстан тарихы (билет).

Жұмыс оқу жоспарында сараланған бақылау жұмыстары қарастырылған барлық қалған пәндер бойынша баға орташа аралық бақылау (Рср) негізінде шығарылады (**екі САБ қосындысының орташа мәні 50 балл және одан жоғары**).

Ескертпе 1:

Қандай жағдайларда студент қысқы сессияға жіберілмейді:

1. Екі САБ қосындысының орташа мәні 50 баллдан төмен студент – тиісті пәндер бойынша жазғы семестрге қалады (Мысалы: 1 САБ-20, 2 САБ-40, жалпы қосындысының орташа мәні екі САБ 30, яғни 50-ден аз).

2. Ақылы білім беру қызметтерін көрсету шартына сәйкес оқу ақысын төлемеген студент емтиханға жіберілмейді. Бұл ретте сессияға рұқсат тек қаржылық қарызды өтегеннен кейін ашылады, әйтпесе **ЖАЗҒЫ СЕМЕСТРГЕ ҚАЛАДЫ**.

Ескертпе 2:

1) Емтиханға себепті жағдаймен келмеген студент (ауру туралы анықтама) Оқу бөлімінің өкіміне сәйкес басқа күні емтиханды тегін тапсыру мүмкіндігін алады. Бұл ретте студент себепті жағдайын растайтын құжатымен бірге өтініш жазуы керек.

2) Емтиханға себепсіз жағдаймен келмеген студент Оқу бөлімінің өкіміне сәйкес емтиханды басқа күні ақылы негізде тапсыруға мүмкіндігі бар. Бұл ретте ол міндетті түрде емтихан тапсыруға өтініш жазып, төлемнің түбіртек көшірмесін бірге тапсыруы керек.

3) Емтиханға белгілі бір себеппен немесе себепсіз келмеген студенттер емтиханды Оқу бөлімінің арнайы кестесі бойынша тапсырады.

4) Емтиханды қайта тапсыру, алғашқы тапсыру туралы өтініш Оқу бөліміне түбіртекпен/ анықтамамен беріледі.

5) Студент емтиханды қайта тапсырған жағдайда үздік дипломға үміткер бола алмайды.

ЖАЗҒЫ СЕМЕСТР: 2026 жылы 18 мамырдан 12 маусымға дейін (4 апта), емтихан сессиясы 2026 жылы 15-19 маусым (1 апта) аралығында өтеді.

1) Академиялық қарызы бар студент бас директордың атына кредиттер бойынша төлем түбіртегінің көшірмесімен бірге өтініш жазып Оқу бөліміне (117 каб.) өткізеді.

2) Пәндер бойынша кредиттер саны 18 кредиттен аспаса, студентке жазғы семестрге жазылу құқығы беріледі.

3) Пәндер бойынша академиялық қарызы 18 кредиттен асқан жағдайда студент **ҚАЙТАЛАУ КУРСЫНА ҚАЛАДЫ**.

Апелляция

Студенттер екі жағдайда апелляцияға бере алады:

1. Жазбаша жұмыстардың мазмұнына қарай.

2. Дұрыс емес сұрақтарға байланысты апелляция: Егер сұрақтар тізімінде екі немесе одан да көп дұрыс жауаптар болса немесе дұрыс жауаптар болмаса, онда сұрақ дұрыс емес деп есептеледі.

Студент осы мәселелерді анықтаған жағдайда апелляциялық комиссияға пәнді және дұрыс емес сұрақты көрсете отырып, өтініш береді.

Апелляциялық комиссия өтінішті емтиханнан кейінгі келесі күні сағат 13:00-ге дейін қабылдайды.

Содан кейін апелляциялық комиссия екі жұмыс күні ішінде студенттің сұрағына жауап береді.

test@college-narxoz.kz